

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді және Медициналық қызметтер ұсынудың тәртібі бөлігінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді іске асырудың тетігі жөніндегі хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 29 ақпан N 320

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1997 жылғы 27 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісім мен Медициналық қызметтер ұсынудың тәртібі бөлігінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді іске асырудың тетігі жөніндегі хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Неофициальный перевод

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына Қатысушы мемлекеттердің
азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы

КЕЛІСІМ

Осы Келісімге қатысушы Мемлекеттер Үкімет тұрғысында, бұдан әрі -
Тараптар,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің олардың азаматтарының денсаулығын қорғау саласындағы ынтымақтастығының маңыздылығына сүйеніп,

Тұрғындарға медициналық көмек көрсету саласындағы өзара іс-қимылдардың одан әрі дамуы мен тереңдеуіне ықпал етуді қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірген терминдердің мағынасы:

"Достастықтың мемлекеті" - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін, осы Келісімнің қатысушысы болып табылатын мемлекет;

"Тұрақты тұратын мемлекет" - пациент азаматы болып табылатын және онда ол тұрғылықты тұратын мемлекет;

"Уақытша келген мемлекет" - бұл мемлекеттің оның азаматы болып табылмайтын пациентке медициналық қызмет көрсетуші мемлекет;

"жолдаушы ел" - өз азаматтарының бірін медициналық көмек алу үшін Достастықтың басқа мемлекетіне жолдаушы денсаулық сақтау министрлігі тұрғысындағы Достастықтың мемлекеті;

"Қабылдаушы ел" - Достастықтың басқа мемлекеттері азаматтарына медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуші Достастықтың мемлекеті;

"жедел және шұғыл медициналық көмек" пациент денсаулығының оның өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін физиологиялық немесе психикалық қатты бұзылуы кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

"жоспарлы медициналық көмек" - пациент денсаулығының оның өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына тікелей қауіп төндірмейтін физиологиялық немесе психикалық бұзылуы кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер кешені.

2-бап

Жедел және шұғыл медициналық көмек науқастың өміріне немесе

маңайындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін кенеттен болған қатты жай-күй мен ауру кезінде, қайғылы оқиғалар, улану, жарақат алу, босану мен жүктілік кезіндегі шұғыл жай-күй кезінде уақытша келген мемлекет аумағында ұйымдастырушылық-құқықтық түріне, ведомстволық тиістілігі мен меншік түріне қарамастан емдеу алдын алу мекемелерімен (бұдан әрі - ЕАМ) азаматтарға тоқтаусыз тегін және толық көлемде көрсетіледі.

Науқастың өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына төнген қауіп жойылып, көлікпен алып жүру мүмкін болған сәттен бастап, одан әрі көрсетілетін медициналық көмек ақылы негізде жүзеге асырылады.

Науқасты көлікпен қауіпсіз алып жүру мүмкіндігін медициналық көмек көрсететін, көлікпен алып жүру туралы қорытындының дұрыстығы үшін заңды жауапкершілікті мойнына алатын ЕАМ-нің клиникалық-сараптама комиссиясы анықтайды.

3-бап

Уақытша келген мемлекет аумағында азаматтарға жоспарлы медициналық қызмет көрсету келісімді бағалар немесе қолданылып жүрген преискуранттар бойынша өзара есеп жүргізу арқылы ақылы негізде жүзеге асырылады.

Жоспарлы медициналық көмектің қандай да бір түрін көрсетудің негізі - тиісті медициналық құжаттардың болуы мен жолдаушы елдің медициналық көмектің нақты құнын төлейтіндігі туралы кепілді міндеттемесі.

Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда жоспарлы медициналық көмек емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала ақы төлегеннен кейін, әрі қарай ЕАМ мен пациенттің немесе оның өкілі болып табылатын заңды (жеке) тұлғаның арасында нақты шығындар бойынша өзара есеп айырысу жүргізіле отырып көрсетіледі.

Жекелеген жағдайларда ауыр сырқаттардан зардап шеккендерге жоспарлы консультативтік және емдеу-диагностикалық медициналық көмек Тараптардың келісімі бойынша басқаша жағдайларда да көрсетілуі мүмкін.

4-бап

Ресми түрде босқын ретінде танылған тұлғаларға уақытша келген мемлекет территориясында жоспарлы медициналық көмек осы мемлекеттің заңдарымен белгіленген тәртіпте және жағдайларда көрсетіледі.

5-бап

Уақытша келген мемлекетте тұрып қайту рұқсаты негізінде тұрақты тұратын және Достастықтың басқа мемлекетінің азаматтары болып табылатын тұлғаларға медициналық көмек осы келісімнің 2, 3, 4 және 8-баптарына сәйкес көрсетіледі.

6-бап

Бейбітшілік орнықтырушы күштердің шекті контингенттерінің құрамына кіретін қарулы күштердің әскери қызметкерлеріне сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне қажетті медициналық көмек уақытша келген мемлекеттің ЕАМ-інде осы санаттағы азаматтарға медициналық-әлеуметтік кепілдіктер туралы қолданылып жүрген халықаралық келісімдерге сәйкес көрсетіледі.

7-бап

Уақытша келген мемлекетте шарт (еңбек келісімі) бойынша жұмыс істеп жүрген азаматтарға жоспарлы медициналық көмек шартта көрсетілген тәртіп пен көлемде жұмыс берушінің қаржысы есебінен, немесе азаматтардың өз қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Азаматтардың уақытша келген мемлекеттегі еңбек қызметімен байланысты болған кәсіптік аурулар мен өндірістік жарақаттарды емдеуді төлеу жұмыс берушінің қаржысы есебінен осы мемлекеттің заңдарында қаралған тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы ережелер шекара төңірегінде тұратын және шектес Тараптардың территорияларында жұмыс істейтін азаматтарға да қолданылады.

8-бап

Ауру және жарақат алу кезінде еңбек қабілетін жоғалтуды сараптау уақытша келген мемлекет аумағында осы мемлекеттің заңдары белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

Уақытша келген мемлекеттің ЕАМ-і берген және ауру мен жарақат алу кезінде азаматтардың еңбекке уақытша қабілетсіздігін куәландыратын құжат - барлық Тараптармен танылған әрі қарай тұрақты тұратын мемлекеттің ЕАМ-і осы мемлекетте қабылданған үлгідегі уақытша еңбекке қабілетсіздігін куәландыратын құжатқа (параққа) ауыстырылатын еңбекке қабілетсіздігі парағы болып табылады.

Еңбек қабілетін мүлде жоғалтқан жағдайда уақытша келген мемлекеттің ЕАМ-і пациенттің тұрақты, немесе уақытша тұратын мемлекеттің еңбек қабілетін сараптау органдарына барлық Тараптар таныған құжатты (хабаршы парақ) ресімдейді.

9-бап

Бұрынғы КСРО үкіметі белгілеген және Достастық мемлекеттері таныған азаматтарды медициналық және дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктерді тұрақты тұратын мемлекеттің ұлттық заңдары белгілеген тәртіпте және жағдайларда қамтамасыз етіледі.

10-бап

Тараптар Достастыққа қатысушы мемлекеттердің мүдделі министрліктері

және ведомстволарымен келісе отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Кеңеске осы Келісімді іске асыру механизмі жөніндегі нақты ұсыныстарды дайындап, оларды белгілеген тәртіпте Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы Үкіметтері басшылары Кеңесінің отырысына енгізуді тапсырады.

11-бап

Достастықтың басқа мемлекеттеріне жолданатын медициналық құжаттамаларды толтыруға арналған ресми тіл, орыс тілі болып табылады.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап, ал оның күшіне енуі үшін заңдары қажетті мемлекетішілік процедураларды орындауды талап ететін мемлекеттер үшін тиісті хабарламаны депозитарийға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жалпы келісімімен енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады. Бұл мерзім өткеннен кейін, егер Тараптар басқадай шешім қабылдамаса, Келісім әр жолы өз өзінен бес жылдық кезеңге ұзартылып отырады.

15-бап

Әр Тарап Келісім қолданыста болған уақытта туындаған міндеттемелерді тәртіптеген соң шығардан кем дегенде, 6 ай бұрын бұл туралы жазбаша хабарлама жолдағаннан кейін осы келісімнен шыға алады.

16-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттерге қосылу жөніндегі құжатын депозитарийға беру жолымен қосылу үшін ашық.

Мәскеу қаласында 1997 жылдың 27 наурызында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалған. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариатында сақтаулы.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясы
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия
Үкіметі үшін

Түркменстан
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы
Үкіметі үшін

Украина
Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына Қатысушы мемлекеттердің
азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісімді
медициналық қызмет көрсету тәртібі
бөлігінде жүзеге асыру механизмі туралы

ХАТТАМА

Осы Хаттамаға қатысушы Үкімет тұрғысындағы мемлекеттер - бұдан әрі
Тараптар,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісімді медициналық қызмет
көрсету тәртібі және өзара қаржылық есеп жүргізу бөлігінде жүзеге асырудың
тиімді механизмін жасау мақсатында,
төмендегілер туралы келісті:

1. Жалпы ережелер

Осы Хаттамада пайдаланылған терминдер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы
Келісімдегі терминдермен бірдей мағынаға ие.

Достастық мемлекеттерінің азаматтарына медициналық көмек осы мемлекеттердің

барлық емдеу-алдын алу мекемелерімен (бұдан әрі- ЕАМ)

ұйымдастырушылық-құқықтық түріне, ведомстволық тиістілігі мен меншік түріне қарамастан мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1.1. Пациенттер үшін тоқтаусыз және тегін - жедел және шұғыл медициналық көмек

1.2. Жолдаушы ел немесе Достастық мемлекеттері азаматтарының жеке қаржысы есебінен, сондай-ақ қайырымдылық жарналары мен оның ішінде халықаралық және басқа да бюджеттен тыс көздер бар, кәсіпорындар мен ұйымдардың жәрдемдері есебінен ақылы негізге - медициналық-әлеуметтікті қоса алғандағы жоспарлы медициналық көмек.

1.3. Достастық мемлекетінің аумағында оның азаматтары болып табылмайтын Тараптардың халықаралық келісімдеріне сәйкес жұмыс істейтін (оқитын, әскери қызмет атқаратын және басқа) азаматтардың жекелеген сипаттары үшін - тегін, және олардың отбасыларына, сондай-ақ мүдделі министрліктер мен ведомстволар (қорғаныс, білім министрлігі, шекара, кеден қызметтері т.б.) үшін - ерікті медициналық сақтандыру келісімдері, немесе медициналық көмек көрсету бөлігінде халықаралық келісімдер анықтаған медициналық қызмет түрлері - қабылдаушы елдің қаржысы есебінен.

1.4. Емдеу аяқталғаннан кейін жолдаушы елге немесе пациентке, сондай-ақ оның мүддесін білдіруші заңды (жеке) тұлғаға ұсынылатын құжаттар мыналар болып табылады:

медициналық қызмет көрсеткен ЕАМ-нің мекен жайы, банктік реквизиттері көрсетілген жоспарлы медициналық көмектің есебі (жүргізілген диагностикалық және емдеу шараларының 1 төсек-күннің құны және олардың санын қоса алғандағы төлеуге жататын жалпы сомасы);

медициналық қызметтерге арналған тарифтерді бекітетін құжаттардың көшірмесі; пациентті ауруханаға жатқызу тәртібі (жоспарлы немесе шұғыл), стационарда болған мерзімдері, аурудың толық диагнозы, жүргізілген диагностикалық және емдеу шаралары, науқастың стационарда жалпы қабылданған мерзімнен тыс ұсталу себептері және басқа қажетті мәліметтер көрсетілген ауру тарихынан толық көшірме.

1.5. Достастық мемлекеттері азаматтары еңбек қабілетін уақытша келген мемлекетте болған кезең ішінде жоғалтқан жағдайда қабылдаушы елдің нормативтік-құқықтың актілерімен белгіленген тәртіпте мыналар ресімделеді:

уақытша келген мемлекетте қабылданған үлгідегі кейіннен тұрақты тұратын мемлекет белгілеген үлгідегі құжатқа ауыстырылуға жататын, ауру, жарақат алу т. б. зардабынан болған еңбек қабілетін уақытша жоғалту дерегін куәландыратын еңбекке қабілетсіздігі парағы;

еңбек қабілетін мүлде жоғалтқандыққа сараптау жүргізуге арналған уақытша келген мемлекетте қабылданған үлгідегі хабаршы парақ.

II. Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету тәртібі

2.1. Уақытша келген мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын Достастық мемлекеттерінің азаматтарына жедел және шұғыл медициналық көмек науқастың өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін кенеттен болған қатты жай-күй мен ауру кезінде, қайғылы оқиғалар, улану, жарақат алу, босану мен жүктілік кезеңіндегі шұғыл жай-күй кезінде тоқтаусыз және қажетті көлемде барлық ЕАМ-де (медициналық сақтандыру полисінің бар-жоғына қарамастан) көрсетіледі.

2.2. Достастық мемлекеттерінің азаматтарына 2.1. тармақпен белгіленген жағдайларда ЕАМ-нің шұғыл көрсеткіш бойынша медициналық көмек көрсету шығындарын өтеу уақытша келген мемлекеттің бюджетінің есебінен ондағы қолданылып жүрген денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Науқастың өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына төнген қауіп жойылып, оны көлікпен алып жүру мүмкін болған сәттен бастап одан әрі көрсетілетін медициналық көмекке уақытша келген мемлекеттің қолданылып жүрген заңдарына сәйкес көрсетілген медициналық қызметтер үшін өзара есеп жүргізу арқылы жоспарлы сияқты (ерікті медициналық сақтандыру немесе ақылы қызмет шеңберінде) ақы алынады.

2.4. Науқасты көлікпен қауіпсіз алып жүру мүмкіндігін медициналық көмек көрсететін, көлікпен алып жүру туралы қорытындының дұрыстығы үшін заңды жауапкершілікті мойнына алатын ЕАМ-нің клиникалық-сараптама комиссиясы анықтайды.

Көлікпен алып жүруге келісім науқаспен және оған еріп жүрген тұлғалармен, белгіленген тәртіпте ЕАМ-де қалатын және пациенттің қолына берілетін құжаттарда расталады.

Пациентті көлікпен алып жүруге келісімді алу және ресімдеу процедурасы Тараптар заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.5. Науқасты тұрақты тұратын мемлекетке көлікпен алып жүру қажет болған жағдайда оның жай-күйі туралы ақпарат пациент азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігі мен денсаулық сақтау министрлігіне хабарланады.

2.6 Науқас азаматы болып табылатын Достастық мемлекетінің өкілетті өкілдерімен науқасты санитарлық авиация көлігімен алып жүру қажеттігі мәселесі оң шешілген жағдайда осы қызметті төлеу тұрақты тұратын мемлекет есебінен немесе пациенттің жеке қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайларда науқасты көлікпен алып жүру шығынының есебі тиісті мемлекеттің денсаулық сақтау министрлігіне пациент шыққаннан кейін 10 күннен артық емес уақытта жолданады.

2.7. Азаматтардың өміріне немесе маңайындағылардың денсаулығына тікелей төнген қауіпті жойғаннан кейін уақытша келген мемлекеттің ЕАМ-де оларды емдеу жалғасқан жағдайларда көрсетілген медициналық қызметтердің нақты құнын төлеуді осы Хаттаманың 2.3. тармағына сәйкес тікелей пациент немесе оның мүдделерін білдіруші заңды (жеке) тұлға осы мемлекеттің атқарушы билігімен бекітілген тарифтер немесе келісімді бағалар бойынша жүзеге асырады.

Науқастың одан арғы емін төлеу мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ оның қабілетсіздігі және оны алып жүрушілердің болмауы жағдайында науқастың жай-күйі туралы ақпарат пациенттің тұрақты тұратын мемлекет елшілігіне хабарланады.

Пациент азаматы болып табылатын мемлекеттің өкілетті өкілдері уақытша келген мемлекетте оны емдеуді жалғастырудың мақсатқа сәйкестігі мәселесін оң шешкен жағдайда көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлемнің есебі тұрақты тұратын мемлекеттің денсаулық сақтау министрлігіне жолданады.

III. Жоспарлы медициналық көмек көрсету тәртібі

3.1. Достастықтың кез келген мемлекетінің аумағында азаматтарға жоспарлы медициналық қызмет көрсету уақытша келген мемлекеттің атқарушы билігі келісімді бағалар немесе қолданыстағы прейскурранттар бойынша, онда қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзара есеп жүргізу арқылы ақылы негізде жүзеге асырылады.

Жоспарлы медициналық көмектің қандай да бір түрін көрсетудің негізі - тиісті медициналық құжаттардың болуы мен жолдаушы елдің немесе пациенттің мүдделерін білдіруші заңды (жеке) тұлғалардың медициналық көмектің нақты құнын төлейтіндігі туралы кепілді міндеттемесі болып табылады.

Көрсетілген медициналық қызметтер үшін есеп айырысуды төлемге кепілдік берген пациенттің мүдделерін білдіруші заңды (жеке) тұлға жүзеге асырады.

Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда жоспарлы медициналық көмек емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала ақы төлегеннен кейін, әрі қарай ЕАМ мен пациенттің немесе оның өкілі болып табылатын заңды (жеке) тұлғаның арасындағы нақты шығындар бойынша өз ара есеп айырысу жүргізілу арқылы көрсетілуі мүмкін.

3.2. Уақытша келген мемлекеттің мекемелерінде, кәсіпорындарында, ұйымдарында келісім-шарт бойынша (еңбек шарты) жұмыс істейтін Достастық мемлекеттерінің азаматтарына жоспарлы медициналық көмек мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

келісім-шартта қаралған тәртіпте және шарттарда, ерікті медициналық сақтандыру келісім-шарттарына немесе тексеру мен, емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу жолымен жұмыс берушінің көрсетілген медициналық қызметтердің нақты құнын төлеу жөніндегі кепілді міндеттемелеріне сәйкес жұмыс

берушінің қаржысы есебінен. Көрсетілген медициналық қызмет үшін төлем есебі тиісті медициналық сақтандыру компаниясына немесе пациенттің жұмыс орынына жолданады;

әрі қарай нақты шығындар бойынша өзара есеп ашуды жүргізетін болып, тексеру мен емделудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу арқылы азаматтардың жеке қаржысы есебінен.

Азаматтардың уақытша келген мемлекеттегі еңбек қызметімен байланысты болған кәсіптік аурулар мен өндірістік жарақаттарды емдеуді төлеу жұмыс берушінің қаржысы есебінен осы мемлекеттің азаматтық кодексі мен азаматтардың еңбегін қорғау және денсаулығын қорғау туралы заңдарында қаралған тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы ережелер, егер шекара төңірегі ынтымақтастығы туралы халықаралық келісімдерде басқаша қаралмаған болса шекара төңірегі аудандарында тұратын және Достастықтың шектес мемлекетінің аумағында (мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда) жұмыс істейтін азаматтарға да қолданылады.

3.3. Халықаралық келісімдерге сәйкес бұл тұлғалар азаматы болып табылмайтын мемлекет аумағында әскери қызметін өтіп жүрген Достастық мемлекетінің азаматтарына (қарулы күштердің жұмысшылары мен қызметшілеріне) сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне медициналық қызметтер тиісті келісімдердің (келісімдерге хаттамалардың) медициналық көмек көрсету бөлігінде қаралған тәртіпте және көлемде мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

қабылдаушы елдің тиісті бюджеттері есебінен;

көрсетілген медициналық қызметтердің нақты құнын төлеу және тексеру мен емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу туралы ерікті медициналық сақтандыру келісіміндегі немесе тұрақты тұратын мемлекеттің тиісті министрліктері мен ведомстволарының (қорғаныс министрлігі, кеден, шекара қызметі т. б.) кепілді міндеттемелері негізінде. Көрсетілген медициналық көмектің есебі тиісті медициналық сақтандыру компаниясына немесе пациенттің немесе ол оның отбасы мүшесі болып табылатын тұлғаның жұмыс (қызмет) орнына жолданады;

әрі қарай нақты шығындар бойынша өзара есеп ашуды жүргізетін болып, тексеру мен емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу арқылы азаматтардың жеке қаржысы есебінен.

3.4. Уақытша келген мемлекеттің орта, жоғары, вуздан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру оқу орындарында оқитын Достастық мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек:

шетел азаматтарын орта, жоғары, вуздан кейінгі және қосымша кәсіптік білім берудің мемлекеттік мекемелерінде медициналық көмек көрсету бөлігінде тиісті бюджеттері есебінен қабылдаушы елдің оқыту туралы Тараптардың халықаралық келісімдерінде;

ерікті медициналық сақтандыру келісім-шарттарына немесе көрсетілген медициналық қызметтің нақты құнын төлеу, және тексеру мен емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлейтіндігі туралы кепілді міндеттемеге сәйкес оқу орыны мен онда оқып жүрген азамат немесе оның мүдделерін білдіруші заңды (жеке) тұлға арасындағы шарттарда. Көрсетілген медициналық көмек есебі тиісті медициналық сақтандыру компаниясына немесе пациенттің оқу орнына жолданады;

әрі қарай нақты шығындар өзара есеп ашуды жүргізетін болып, тексеру мен емдеудің шамамен алғандағы құнынан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу арқылы азаматтардың жеке қаржысы есебінен қаралған тәртіпте және көлемде жүзеге асырылады.

IV. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Достастық мемлекеттерінің азаматтарына көрсетілген медициналық көмек үшін ЕАМ-нің есептерін төлеуді жолдаушы ел оларды алған күннен бастап 20 күннен кем емес мерзімде жүзеге асырады.

Уақытша төленбеген есептер үшін әрбір мерзімі өткен күнге төленбеген соманың 0,25 пайызы мөлшерінде өсім төленеді.

4.2. Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі, қаржылық есебі, сондай-ақ жасалған медициналық қызметтер есебінің уақытында төленбеуіне байланысты шығым талаптар халықаралық құқық нормалары мен уақытша келген мемлекеттің заңдарына сәйкес қаралады.

Тараптардың кеңес және келіссөздер жолымен келісімге қол жеткізілмеген осы Хаттаманың орындалуы бойынша даулы мәселелер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотымен жүргізілген тәуелсіз сараптама негізінде шешіледі.

V. Хаттаманы жүзеге асыру тәртібі

5.1. Осы Хаттама Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісімге қол қойған, оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін Достастықтың басқа да мемлекеттеріне депозитарийға құжаттарын беру жолымен қосылу үшін ашық.

5.2. Хаттама 5 жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар басқадай шешім қабылдаса келесі 5 жылға өз өзінен ұзаратын болады. Әрбір Тарап осы Хаттамадан шығу туралы ниетін бұл туралы шығардан 6 айдан кем емес уақыт бұрын депозитарийға жазбаша хабарлау жолымен мәлімдей алады.

5.3. Осы Хаттама оған қол қойылған күнінен бастап, ал оның күшіне

енуі үшін заңдары қажетті мемлекетішілік процедуралары орындауды талап ететін мемлекеттер үшін тиісті хабарламаны депозитарийға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Москва қаласында 1997 жылдың 27 наурызында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалған. Түпнұсқалық дана осы Хаттамаға қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариатында сақтаулы.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясы
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия
Үкіметі үшін

Түркменстан
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы
Үкіметі үшін

Украина
Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК